



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№21 (981) Сәрсенбі 3 маусым 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Халықаралық балаларды қорғау күнінде облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Мемлекет басшысының қолдауымен салынған Ботаникалық бақтың ашылу рәсімін қатысты.

Ашылу рәсімінде облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы балаларды мерекемен құттықтап, Ботаникалық бақ жұмысы жеткіншектердің тиімді демалысын ұйымдастыруға және тың жобаларды жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың парасатын, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті», – деген болатын.

Бүгін Президент саябағының аумағынан ашылған Ботаникалық бақ – осы ауқымды бастаманың аймағымыздағы нақты әрі жемісті көрінісі. Бақ ішіне Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желек егілді. Осы арқылы жас жеткіншектерге өсімдіктердің экожүйедегі маңызы түсіндіріледі. Бұл жай ғана балалар серуендейтін саябақ емес, табиғат пен ғылымды ұштастыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын көпфункционалды кешен болмақ. Балаларымыз осы жерде табиғатпен тілдесіп, эко-жауапкершіліктің, еңбекқорлықтың шынайы үлгісін көреді. Осы бақтан біздің

аймақтың ғана емес, бүкіл еліміздің экологиясын зерттейтін болашақ ғалымдар, биологтар мен агрономдар шығады деп сенеміз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Ботаникалық бақ – экологиялық танымды, туризмді дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған заманауи көпфункционалды кешен. Жалпы ауданы 1500 шаршы метр болатын екі жылыжайға Африка, Оңтүстік Америка, Австралия, Жапония, Қытай және Мадагаскар сияқты әлемнің әр

аймағынан 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Веерлі пальма, Канар құрмасы, кактус пен алоэ, вашингтония пальмасы, стрелиция, жақаранда, алып юкка, макта ағашы, бамбук, сәндік өсімдіктер, кариота жайқалып тұр. Бұл өсімдіктер гүлдегенде хош иісі аңқып, қызғылт сары, көгілдір, күлгін сияқты алуан түске боялады. Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқару, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Ботаникалық бақ өсімдіктердің бірегей түрлері өсетін орын ғана емес, экологиялық мәдениеттің, білім берудің және ішкі туризмнің дамуына қызмет ететін, аймақ тұрғындары мен қонақтары жиі бас қосатын мекенге айналады. Мұнда студенттер, мектеп оқушыларының, табиғат жанашырларының танымын кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Ботаникалық бақтың ерекше атмосферасы келушілерге жайлылық сыйлайды. Айта кетейік, Мемлекет басшысының қолдауымен Сыр өңірінде кейінгі төрт жылда 46 заманауи білім беру нысаны табысталды.

«Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, музыкалық колледждің жаңа оқу ғимараты мен жатақханасы пайдалануға берілді. «Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жанақорған, Шиелі аудандарындағы «Оқушылар үйі» мен «Өнер мектептері» жас жеткіншектердің шығармашылық зияткерлік әлеуетін арттыруға қызмет етуде. Жакында ғана жыл бойы үздіксіз қызмет көрсететін «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы балалар игілігіне айналды.



Ауданы, Т. Айтбаев атын №132 орта мектебі



ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев халықаралық республикалық пәндік олимпиада, ғылыми жоба конкурстарының жеңімпаздарымен және олардың жетекші ұстаздарымен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысының білім мен ғылымға ұмтылысты қолдауының арқасында өңірде ауқымды жұмыс атқарылып жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана сәбізденіп қалып, жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді», – деген болатын.

Дана халқымыз «Білім – таусылмайтын кен» деп бекер айтпаған. Қай заманда болсын, елдің енесін тіктеп, болашағын баянды ететін күш – білімді ұрпақ. Сыр өңірінің ғана емес, күллі Қазақстанның мерейін үстем етіп жүрген Өздеріңіздей талапты да талантты жастармен кездесудің мәні зор», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Биыл 29 оқушы халықаралық олимпиадалардың жүлделері атанса, 143 оқушы республикалық олимпиада, ғылыми жоба байқауларында үздік нәтиже көрсетті. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Сонымен қатар, екі оқушы жоғары оқу орындарының білім грантын жеңіп алды.

Салтанатты жиында

30 жетекші ұстаз облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, шипажайға жолдама алды. Халықаралық және республикалық білім додаларында үздік нәтиже көрсеткен 36 оқушыға облыс әкімінің Алғыс хаты мен планшет табысталды. Оқушылар мен ұстаздар ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

Айта кетейік, кейінгі жылдары Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен өңірде 200-ден астам әлеуметтік нысан пайдалануға берілді. Оның ішінде білім беру саласында 46 жаңа нысан іске қосылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынды. Физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты мен музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

«Оқушылар сарайы», «Сыр жұлдыздары» академиясы, Жалағаш, Жанақорған және Шиелі аудандарында республикалық олимпиада қорытындысымен Қызылорда облысының командасы «Ең үздік олимпиадалық команда» номинациясын иеленді. Сонымен қатар, екі оқушы жоғары оқу орындарының білім грантын жеңіп алды.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

Қызылорда облысында 2026 жылдың алғашқы үшемі дүниеге келді. Облыстық перинаталдық орталығында дүниеге келген сәбилерді арнайы құттықтауға облыстық денсаулық сақтау басқармасының ана мен бала денсаулығын қорғау бөлімінің басшысы Айгүл Асылбекқызы барып, үшем ата-анасына басқарма тарапынан арнайы сыйлықтар табыс етті.



Ағымдағы жылдың 27 наурызы күні жүктіліктің 32 аптасында өмірге келген сәбилерге Хадия, Дария және Жәния есімдері берілді.

1210, 1470 және 980 грамм болып туылған шақалақтар екі ай бойы ана мен бала орталығының жоғары тәуелділіктегі нәрестелерге арналған арнайы күтім бөлімшесінде ем қабылдап, дәрігерлердің үздіксіз бақылауында болды.

Мамандардың білікті көмегі мен заманауи медициналық күтімінің нәтижесінде сәбилердің жағдайы тұрақталып, салмақтары айтарлықтай артты. Яғни 2390, 3390 және 2060 граммға жетті.

Сәбилердің анасы 32 жастағы Бекбаулы Мөлдір, әкесі – 34 жастағы Берікбол Нұрсұлтан. Сырдария ауданына қарасты Басарық ауылының Баймановтар отбасы бұған дейін де екі бала тәрбиелеп отырған отбасы.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ – БІЗДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Тасбөгет кентіндегі спорт мектебінде «Заң және тәртіп» тақырыбында танымдық кездесу өтті. Кездесуге Қызылорда қаласы Полиция басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторы, полиция аға лейтенанты Ғ. Өміртай қатысып, жасөспірімдерге құқықтық кеңес беріп, маңызды ақпараттармен бөлісті.

Іс-шара барысында кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, буллинг пен қорқыту әрекеттерінің салдары, құқықтық жауапкершілік мәселелері, сондай-ақ жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары түсіндірілді.

Кездесу соңында полиция қызметкері балалардың қауіпсіздігі мен жарқын болашағы қоғамның басты құндылығы екенін атап өтіп, заң талаптарын сақтауға шақырды.



БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Қызылордалық полицейлер Президент саябағында балаларға қатысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Қызылорда қаласы Полиция басқармасының

қызметкерлері Қызылорда қаласындағы Президент саябағында «Айгерім» жазғы балалар лагерінің ашылуына орай профилактикалық түсіндірме

жұмыстарын өткізді. Іс-шара барысында балаларға жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік шаралары түсіндіріліп, су айдындарында қауіпсіздік ережелерін сақтау, жеке басының қол сұғылмайшылығын қамтамасыз ету, интернет-алаяқтықтан сақтану және қоғамдық орындардағы тәртіп қағидалары жөнінде кеңестер берілді.

Полицейлер балаларды сақтық шараларын ұстануға шақырып, төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, балалар мен ата-аналарға алаяқтардың арбауына түспеу жолдары түсіндіріліп, пайдалы жадынамалар таратылды.

РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасының Тасбөгет полиция бөлімі қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы, полиция капитаны Бағдат Насыров учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп рейдтік іс-шара өткізді.

Іс-шара барысында кент аумағындағы жазғы демалыс орындарында, әсіресе су айдындары маңында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Полицейлер тұрғындарға

судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау, балаларды қараусыз қалдырмау, қоғамдық тәртіпті бұзбау және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында ақпарат берді. Сонымен қатар, азаматтарға қылмыс пен құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау қажеттігі ескертілді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстар тұрақты түрде жалғасатын болады.



ҚАРАСОРА-2026

Қызылорда облысының Полиция департаментінде нұсқаулық жиын өтті. ҚР ІІМ-нің нұсқауына сәйкес Қызылорда облысының Полиция департаментінде «Қарасора - 2026» жедел профилактикалық іс-шарасының ашылуы қарсаңында құқық қорғау және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп атқарылатын іс-шаралар кезінде туындайтын мәселелер бойынша нұсқаулық жиын өтті.

Жиынға Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы полиция полковнигі Ерғешов Серік Жүрсінбайұлы төрағалық етіп, тәртіп сақшыларының заңсыз есірткі айналымының жолын кесу мен нашакорлықтың алдын алу бағытындағы міндеттерге дайындығын пысықтады.

Іс-шара барысында құқық қорғау органдары



мен жауапты мекемелердің өзара іс-қимылы пысықталып, есірткі қылмысының алдын алу бағытындағы міндеттер айқындалды.

СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

«Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы Д.Камзаев Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сот әкімшісінің басшысы құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын сақтау және құқыққа қайшы әрекеттерден аулақ болу мәселелеріне тоқталды. Сонымен бірге, ортақ пайдаланылатын орындарды ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау туралы құқық бұзушылықтарға қатысты мәселелер талқыланды. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, өзара пікір алмасты.



АКЦИЯ ӨТТІ



Қызылорда қаласында жастар мен тұрғындар арасында есірткі таралуының алдын алуға бағытталған кең көлемді акция өткізілді. Іс-шараны Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы мен «Атапай» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанаты бірлестігі

тартыла ұйымдастырылды.

Акция барысында қала аумағындағы ғимараттардың қабырғаларына, қоршауларға және қоғамдық орындарға жазылған есірткі сататын интернет-дүкендердің мекен-жайлары бар граффити жазулары боялып, жойылды. Мұндай заңсыз жазбалар жастарды

есірткі қылмысына тартудың және тыйым салынған заттарды интернет арқылы таратудың бір тәсілі болып табылады.

Сонымен қатар, акция аясында, қала тұрғындарына есірткіге қарсы бағыттағы ақпараттық парақшалар мен буклеттер таратылды. Еріктілер мен полиция қызметкерлері тұрғындарға есірткінің зияны, есірткі бизнесіне қатысқаны үшін қарастырылған қылмыстық жауапкершілік, сондай-ақ есірткі жарнамаларын байқаса, тиісті органдарға хабарлау қажеттігі жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар қоғамда есірткіге қарсы теріс көзқарасты қалыптастыруға, тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және есірткі заттарға байланысты қылмысқа қарсы күресте күш біріктіруге ықпал етеді.

Қала аумағындағы есірткі жарнамаларын анықтау және жою жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

ҚАУІПСІЗДІК – ӨМІР КЕПІЛІ

Бір сәттік салғырттық орны толмас өкінішке әкелуі мүмкін. Сондықтан жол-көлік оқиғаларының алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау және әрбір азаматтың жауапкершілігін арттыру мақсатында 17-25 мамыр аралығында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы ретте полиция қызметкерлері жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған рейдтік шараларды іске асырды. Әсіресе, жылдамдықты шамадан тыс асыру, қауіпсіздік белдігін тақпау, мас күйінде көлік басқару, қарсы бағытқа шығу және жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден өтуі сынды



занбұзушылықтарға бақылау күшейтілді.

Сонымен қатар, жол-көлік оқиғаларының болуын болдырмау, адам өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында тұрғындарға жолда барынша мұқият болу, жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажеттігі түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, жолдағы қауіпсіздік –

әрбір азаматтың жауапкершілігі. Сондықтан жүргізушілер де, жаяу жүргіншілер де тәртіпке бағынып, сақтық шараларын естен шығармауы тиіс.

«Қауіпсіз жол» акциясы аясындағы профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да жалғасып, тұрғындарды жауапкершілікке және жол мәдениетін сақтауға шақырды.

КҮДІКТІЛЕР ҰСТАЛДЫ

Қызылордада «Қару» жедел-профилактикалық іс-шарасы барысында мал ұрлығының жолы кесілді.

Іс-шара аясында учаскелік полиция инспекторларынан құрылған топ қызмет атқару барысында 27 мамыр күні түнгі сағат 22:30 шамасында Жаңақорған ауданының Жаңарық ауылы тұсындағы Қандөз – Жаңақорған автожолының бойында мемлекеттік тіркеу нөмірі жоқ автокөлікті тоқтатты.

Құжаттарды тексеру барысында автокөліктің жүк салғышынан байланған ірі қара мал табылып, оның жайылымын ұрланғандығы белгілі болды. Мал ұрлығы дерегі бойынша қылмыстық іс

қозғалып, қажетті тергеу әрекеттері жүргізілуде. Күдікті ретінде танылған екі жергілікті тұрғын ұсталып, аудандық полиция бөлімінің уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі уақытта күдіктілердің басқа да қылмыстарға қатыстылығы тексерілуде.

Полиция қызметкерлері мал ұрлығының алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп, тұрғындарға бірқатар маңызды кеңестер беруде.

Тұрғындар малдарын түгелдей сырғалатып, таңбалап, құжаттарын ретке келтіруі қажет. Сондай-ақ малдарды жайылымға қараусыз жібермей, пада ұйымдастырып, жайылымдардағы бақылауды күшейту ұсынылады.



АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯ: МӘМС аясында көмекті қалай алуға болады

Артериялық гипертензия – әлем бойынша ең кең таралған созылмалы аурулардың бірі және мүдектік пен мезгілсіз өлім-жітімнің негізгі қауіп факторларының бірі. Қан қысымының жоғарылауы инфаркт, инсульт, жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі сияқты ауыр асқынуларға жиі әкеледі.

Қызылорда облысында да артериялық гипертензия ең жиі кездесетін аурулардың бірі болып қалып отыр. Бұл дерттің пайда болу себептері, оның алдын алу жолдары, дер кезінде диагностика жасау және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясындағы заманауи емдеу тәсілдері туралы №6 қалалық емхананың кардиолог дәрігері Таир Бельгибаев сұхбат барысында айтып берді.

- Артериялық гипертензияны қазіргі заманның індеті деп атайды. Қазақстандағы статистика қандай, бұл ауру қай жастаң бастап дамуы мүмкін және оны қалай анықтауға болады?

- Артериялық гипертензия шынмен де әлемдегі ең кең таралған созылмалы аурулардың бірі болып қала береді, Қазақстан да бұл қатардан тыс емес. Денсаулық сақтау саласының деректеріне сүйенсек, елімізде миллиондаған адамда қан қысымының жоғарылауы анықталған. Алайда көптеген пациенттер өз диагнозы туралы ұзақ уақыт бойы білмей жүреді.

Гипертензия қауіп әдетте 40 жасстан кейін артады деп есептеледі, бірақ бүгінде бұл дерт 25-30 жастағы жастар арасында да жиі кездеседі.

Гипертензияның негізгі проблемасы – дерт ұзақ уақыт бойы еш белгісіз өтуі мүмкін. Сондықтан оны анықтаудың ең сенімді жолы – қан қысымын үнемі өлшеу. Қалыпты қысым 140/90 мм сын. бағ.-дан төмен болуы тиіс. Егер көрсеткіш тұрақты түрде жоғары болса, міндетті түрде дәрігерге қаралу қажет.

- Қауіп тобына кімдер жатады? Қандай белгілер алаңдатуы керек?

- Қауіп тобына артық салмағы, қант диабеті, жоғары холестерині бар, тұқым қуалаушылығы бар пациенттер, сондай-ақ темекі шегетін және аз қимылдайтын адамдар жатады.

Басты ауыруы, әсіресе желке тұсының сырқырауы, бас айналу, құлақтағы шу, жүрек қағысының жиілеуі, әлсіздік, енгізу сияқты белгілерге назар аудару қажет. Алайда гипертензия көптеген науқастарда ұзақ уақыт бойы айқын белгілерсіз өтуі мүмкін екенін ұмытпау керек.

- Қан қысымының бақылаусыз жоғарылауы немесе төмендеуі несімен қауіпті?

- Қан қысымының бақылаусыз жоғарылауы инсульт, миокард инфаркті,

жүрек жеткіліксіздігі, бүйрек зақымдануы және көру қабілетінің нашарлауы сияқты ауыр асқынуларға алып келеді. Жоғары қысым қан тамырлары мен ішкі ағзаларды біртіндеп зақымдайды.

Ал қысымның күрт төмендеуі, әсіресе егде жастағы адамдар үшін қауіпті. Бұл есінен тануға, құлап қалуға, ми мен жүректің қан айналымының бұзылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан қан қысымындағы кез келген өзгеріс дәрігер бақылауын қажет етеді.

- Гипертензия белгілері пайда болған жағдайда пациент қандай әрекет жасауы керек? Кардиологпен кеңесу үшін жалпы тәжірибелік дәрігердің жолдамасы қажет пе?

- Ең алдымен тіркелген емханадағы жалпы тәжірибелік дәрігерге қаралу қажет. Маман тексеру жүргізіп, қажетті зерттеулерді тағайындайды және қажет болған жағдайда кардиологқа жолдама береді. Айта кету керек, тар буынды маманнан кеңес алу үшін пациент міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандырылған болуы тиіс.

Егер жағдай өте жоғары қысыммен, қатты бас ауруымен, сөйлеудің бұзылуымен, аяқ-қолдың жансыздануымен немесе тыныс алудың қиындауымен қатар жүрсе, шұғыл түрде жедел жәрдем шақыру қажет.

- Демек, шұғыл жағдайда медициналық сақтандыруы жоқ пациент те тегін ем ала ма?

- Иә, Қазақстанда шұғыл медициналық көмек МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарға көрсетіледі. Бұл жедел жәрдем шақыруға, шұғыл госпитализацияға және өмірге қауіп төндіретін жағдайларда әлеуметтік медициналық көмекке қатысты.

- Артериялық гипертензияға күдік болған жағдайда қандай зертханалық және аспаптық зерттеулерден тегін



өтуге болады? МӘМС аясында не қарастырылған?

- 2026 жылдан бастап артериялық гипертензияны динамикалық бақылау және емдеу міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне енгізілді. Гипертензияға күдік болса сақтандырылған пациенттер мамандардың кеңестеріне, зертханалық талдауларға және диагностикалық зерттеулерге қол жеткізе алады. Көрсеткіштерге байланысты қан талдауын, зәр талдауын, ЭКГ, эхокардиография, холтерлік мониторинг, тәуліктік артериялық қысым мониторингін, қан тамырларының УДЗ-сын және басқа да тексерулерді тағайындай алады.

- Диспансерлік есепте тұрған пациенттерге гипертензияны емдеуге арналған қандай дәрілер беріледі?

- Артериялық гипертензия бойынша диспансерлік есепте тұрған пациенттер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және МӘМС аясында тегін дәрілік препараттармен қамтамасыз етіледі.

Олардың қатарында АӨФ (ангиотензин-өзгертуші фермент) тегіштері, бета-блокаторлар, кальций антагонисттері, диуретиктер және басқа да заманауи

гипотензивтік препараттар бар. Дәрілер пациенттің жағдайына және қатар жүретін ауруларына байланысты тағайындалады. Мысалы, орташа өкпелік гипертензиясы бар пациенттер емханада ай сайын «Бозентан» препаратын алады. Бір қаптамасының құны 400 мың теңгеден асады.

Жалпы, диспансерлік есепте тұрған кардиологиялық аурулары бар пациенттер шамамен 30 түрлі дәрілік препаратпен қамтамасыз етіледі.

- Нәтиже болмаған жағдайда емдеу әдісін өзгертуге бола ма?

- Әрине. Егер тағайындалған ем тиімді болмаса немесе жанама әсерлер туындаса, дәрігер дозаны өзгертіп, дәрі-дәрмекті өзгертуді немесе біріктірілген терапия тағайындайды. Емдеуді өз бетінше өзгертуге немесе тоқтатуға болмайды, өйткені бұл жағдайдың күрт нашарлауына әкелуі мүмкін.

- Қандай жағдайда пациент кардиологиялық орталыққа жіберіледі?

- Гипертензия ауыр түрде өткенде, гипертониялық криздер жиі қайталанғанда, жүрек пен қан тамырлары тарапынан асқынуларға күдік болғанда, жоғары технологиялық диагностика немесе ем қажет болған жағдайда пациент стационарға жолданады. Сондай-ақ стан-

дартты терапия нәтиже бермегенде немесе қатар жүретін жүрек-қан тамырлары аурулары болғанда да жолдама беріледі.

- Мен өзімді жақсы сезінсем, қан қысымды күндізгі өлшеуім керек пе? Үй жағдайында қысымды қалай бақылауға болады?

- Иә, әсіресе 40 жасан адамдар мен қауіп тобындағы пациенттер үшін маңызды. Өзін жақсы сезінгенде өзінде қысымды бақылап отырған жөн.

Қан қысымыңызды таңертең және кешке бір уақытта өлшеген дұрыс. Өлшеуге дейін 30 минут бұрын кофе ішеу, темекі шекпеу және физикалық жағтыру жасамау ұсынылады. Көрсеткіштерді өзін-өзі бақылау күнделігіне жазып отырған жөн.

- Жасанды интеллектке жиі жүгініп, дәрігерсіз өз бетінше емделуге тырысатын қазақстандықтар көбейді. Сіздің тәжірибенізде мұндай жағдайлар кездесе ме?

- Иә, мұндай жағдайлар жиілеп келеді. Пациенттер интернеттегі кеңестерді оқыды немесе жасанды интеллект көмегімен өзіне диагноз қойып, дәрі таңдайды. Бірақ ешқандай технология дәрігердің толыққанды тексеруі мен медициналық зерттеуін алмастыра алмайтынын түсіну қажет.

Кейде өз бетінше емделу дәрілердің дұрыс таңдалмауына, асқынуларға және уақыт жоғалтуға әкеледі. Жасанды интеллект жалпы ақпарат алуға көмектесуі мүмкін, бірақ емдеу туралы шешімді дәрігер қабылдауы тиіс.

- Артериялық қысымды қалыпты деңгейге ұстау үшін қандай профилактикалық шаралар қажет? Өмір салтында негізгі өзгерту керек?

- Алдын алудың негізі – салауатты өмір салты. Тұзды, майлы тағамдар мен қанты шектеу, физикалық денгейін төмендету де өте маңызды. Сондай-ақ профилактикалық зерттеулерден тұрақты өтіп, шағым болмаса да қан қысымын бақылап отырған жөн. Гипертензияның ерте анықтау ауыр асқынулардың алдын алып, өмір сапасын сақтауға мүмкіндік береді.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Айгүл АХАНОВА

«ШАҒАЛА» ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ТЫНЫҒУ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Жылдағы дәстүрге сай Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығында жазғы тынығу маусымы басталды.

Тынығу лагерінің ашылу салтанатында аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, өнерлі жеткіншектердің концерттік бағдарламасын тамашалады. Сондай-ақ жазғы демалыс кезінде балалардың жақсы тынығуы, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына тілектестігін білдірді.

Балғын бұлдіршіндеріміз үшін ең қуанышты және жыл сайын асыға күтетін басты мерекелерінің бірі. Көптен күткен, сіздер үшін жыл ішіндегі ең жақсы айлар – жазғы демалыстар басталды. Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен ауданымызда балалардың сапалы білім алып, бақытты балалық шақ кешуі үшін жүйелі жұмыстар атқарылуда. Аудан бойынша 0-18 жас аралығында 25 193 бала бар. Балаларымыздың жарқын болашағы үшін ауданымызда 37 мектеп, 51 балабақша, 24 мәдениет орталығы мен клубтар, 26 кітапханалар мен 12 спорттық нысандар жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылын барлығы 16 701 оқушы



аяқтаса, 14 975 оқушына яғни оқушылардың 95,2 пайызын жазғы демалыс шараларымен қамту жоспарланып отыр. Сіздер үшін Қазалы қаласындағы «Шағала» балаларды сауықтыру демалыс орталығы өз жұмысын бастауда. Елдегі жасалып жатқан игі жұмыстардың барлығы еліміздің жарқын болашағы балалар Сіздер үшін жасалуда. Жүздеріңізден қуаныш пен бақыт күлкісі кетпесін. Бәріңізге мықты денсаулық, бейбіт өмір, бақытты балалық шақ тілеймін. Болашақтарыңыз баянды болсын, – делі аудан әкімі Алмасбек Әбілкасымұлы.

Аудан басшысының жылы лебізінен кейін демалушыларға

арнайы аудан әкімінің мерекелік сыйлықтары ұсынылды.

Әрі қарай балалар ән шырқап, би билеп демалыс орталығының ашылу салтанатына келген қонақтарға өз өнерлерін көрсетті.

Айта кетейік, демалыс лагері биыл жылдағы дәстүрге сай жазғы маусымда 7 ауысым ұйымдастырып, әр ауысым бойынша 125 оқушыдан, барлығы 900-ге жуық баланы қабылдамақ. Балалар мұнда бес мезгіл тамақтанады. Олардың уақытты көңілді әрі пайдалы өткізуі үшін 12 тәрбиеші және 13 үйірме тұрақты жұмыс жасауда. Демалушылардың денсаулығына арнайы дәрігерлерде қарастырылған.

Жария талқылау түріндегі қоғамдық тыңдау

«ПЕТРОКАЗАХСТАН ВЕНЧЕРС ИНК» филиалы 11.06.2026 ж. және 5 жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының Сырдария ауданында орналасқан Солтүстік-Шығыс Дошан кен орнында өнеркәсіптік және техникалық сумен жабдықтауға арналған № 3577 барлау және өндіру ұңғымасын бұрғылаудың жұмыс жобасына жария талқылау түрінде бірінші экологиялық порталда (ndbecology.gov.kz) қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Құжаттамамен танысуға, ұсыныстар мен ескертулерді бірінші экологиялық порталда қалдыруға болады (ndbecology.gov.kz).

Инициатор: «ПЕТРОКАЗАХСТАН ВЕНЧЕРС ИНК» филиалы

Занды мекен-жайы – Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Арай шағынауданы Сердалы Бекшораұлы көшесі, № 1 ғимарат.

Әзірлеуші: «ГеоПроект» ЖШС., Атырау, Микрорайон Сарықамыс, Лашын көшесі, дом № 19, БСН: 980740004456, тел. +7/701/ 999-32-52, info@geoproject.kz.

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: тел. +7/701/ 999-32-52, info@geoproject.kz.

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

Общественные слушания в форме публичного обсуждения

Филиал компании «ПетроКазахстан Венчерс Инк.» уведомляет о проведении общественного слушания в форме публичного обсуждения 11.06.2026 г. и в течение 5 рабочих дней на портале (ndbecology.gov.kz) по проекту РАБОЧИЙ ПРОЕКТ на бурение разведочно-эксплуатационной скважины № 3577 для производственно-технического водоснабжения на месторождении Северо-Восточный Дошан, расположенной на территории Сырдарьинского района Кызылординской области.

Ознакомиться с документацией, оставить предложения и замечания можно на портале (ndbecology.gov.kz).

Инициатор: ФИЛИАЛ «ПЕТРОКАЗАХСТАН ВЕНЧЕРС ИНК»

Юридический адрес – Кызылординская область, город Кызылорда, улица Казыбек Би, строение 13.

Разработчик: ТОО «ГеоПроект», г. Атырау, Микрорайон Сарықамыс, улица Лашын, дом № 19, БИН: 980740004456, тел +7/701/ 999-32-52, info@geoproject.kz.

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: тел. +7/701/ 999-32-52, info@geoproject.kz.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г. Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ТҮСІНДІРІЛДІ

«Жібек жолы» сауда-ойын-сауық орталығында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының ұйымдастыруымен жыл сайынғы «Денсаулық аралы» акциясы өтті.

Іс-шара аясында №1 қалалық емхананың мамандары тұрғындарға тегін экспресс-тексеруден өтіп, денсаулықты сақтау мәселелері бойынша кеңес алу мүмкіндігін ұсынды. Акцияның мақсаты – қауіп факторлары мен ауруларды ерте кезінде анықтау, сондай-ақ халықтың профилактиканың маңыздылығы туралы хабардарлығын арттыру.

Қатысушылардың артериялық қан қысымы, бойы мен салмағы өлшеніп, қандағы қант пен холестерин деңгейі анықталды. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын ұстану және созылмалы аурулардың алдын алу бойынша кеңестер берілді.

Акция қала тұрғындарының үлкен қызығушылығын тудырды. Көптеген тұрғындар денсаулық көрсеткіштерін тексеріп, медициналық мамандардың ұсынымдарын алуға мүмкіндік алды.

Іс-шара барысында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалы кызметкерлері МӘМС мәселелері бойынша түсіндіру

жұмыстарын жүргізді. Тұрғындарға медициналық сақтандыру жүйесіндегі жаңашылдықтар, сақтандырылған мәртебесін алу тәртібі, жарналар мен аударымдарды төлеу қағидалары, сондай-ақ жүйеге қатысушының артықшылықтары туралы ақпарат берілді.

2026 жылдан бастап күшіне енген өзгерістерге ерекше назар аударылды: МӘМС пакетіне диспансерлік есепте тұрған пациенттер үшін бірқатар созылмалы аурулар бойынша емдеу және динамикалық бақылау кызметтері енгізілді. Барлық қатысушыларға ақпараттық материалдар таратылды.

Қор филиалының сарапшысы Әлия Убисултанованың айтуынша, МӘМС жүйесі сақтандырылған азаматтарға медициналық кызметтердің кен ауқымды ұсынады, оның ішінде кымбат диагностикалық зерттеулер мен жоғары технологиялық оталар да бар.

«Денсаулыққа қамқорлық профилактикадан және медициналық көмекке дер кезінде жүгінуден басталады. Сапалы медициналық кызметтерге қол жеткізіп, емдеуді қаржылық себептермен кейінге қалдырмау үшін МӘМС жүйесінде сақтандырылған болу маңызды», – деп атап өтті маман.

2026 жылғы II тоқсандағы «Жалағаш ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы мен орынбасарының азаматтарды, заңды тұлға өкілдерін, оның ішінде осы мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Дарибаев Алтынбек Турмағанбетович	Бөлім басшысы	Сәрсенбі сағат 15:00-18:00 ге дейін	Желтоқсан көшесі №3	31-8-70
2	Байболов Бабағазар Турақович	Бөлім басшысының орынбасары	Жұма сағат 15:00-18:00 ге дейін	Желтоқсан көшесі №3	31-8-88

БАЛАЛАР ЛАГЕРІ

Жаз мезгілі келісімен, балалардың демалысын ұйымдастырып, түрлі сауықтыру ұйымдарына жіберіп жатамыз. Жазғы сауықтыру ұйымдары санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болғанда ғана балалар мен жасөспірімдердің сауықтырылуы және демалуы тиімді болады. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерге әрбір баланың денсаулығына және балалардың жазғы демалысының күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруына үлкен жауапкершілік жүктеледі.



арналған орындарда киім-кешек жууға және жануарларды жуындыруға жол берілмейді. Бассейн суының тазалығын, шомылушылар мен қызметкерлердің жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау қажет, бассейн суы рұқсат етілген жуу-тазалау және залалсыздандыру құралдары қолданылып, уақытылы залалсыздандырылуы тиіс.

Қазақ «Ас – адамның арқауы» дейді. Расында да, дұрыс тамақтану әр ас дайындауға тазалықты сақтау – адам денсаулығының кепілі. Әсіресе, жазғы мезгілде балалардың демалыс орындарында тазалық сақтау міндетті.

Жазғы демалыс мекемелерінің жұмысын бастамас бұрын олардың санитарлық жағдайын қалыпқа келтіру шаралары жүргізілуі тиіс. Ол үшін материалдық-техникалық базаны дайындау, сумен қамту, қарыз жүйелерін жақсарту, технологиялық және мұздатқыш қондырғыларының дұрыстығын

қадағалау қажет. Бұл жұқпалы ішек аурулары мен тамақтану уланудың алдын алады. Балаларды сапалы және қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуге жағдай жасалынуы тиіс.

Лагер қызметкерлерінің гигиеналық дайындыктары мен алдын ала медициналық тексеруден өтуі де бақылауда ұсталы қажет.

Инфекциялық және жаппай уланудың пайда болуын және таралуының алдын алу мақсатында майонез қосылған күрделі салат өнімдерін тамақ рационды болмауын қадағалау қажет. Жазғы сауықтыру мекемелерінде балалардың сапалы ауыз сумен қамтылуына, медициналық қызмет көрсетуіне, балалардың толық күндіз, құнарлы тамақтануына мекеме басшылары және лагер жетекшілері жауапкершілікпен қарап, аса мән беруі керек.

Қ.ОМАРОВА,
Сырдария аудандық СЭББ басшысы

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯСЫ

Жедел ішек инфекциясы - бұл бактериялар, вирустар, саньрауқулақтар, ішекке әсер ететін қарапайым микроорганизмдер тудыратын адам ауруларының кең тобы.

Ауру дене температурасының жоғарылауы, жалпы әлсіздік, жүрек айнуы, құсумен бірге жүреді. Іштің аймағында ауырсыну пайда болады, бірнеше рет сұйық нәжіс пайда болады. Ауру әсіресе балаларда қиын, өйткені метаболизм бұзылады, ағзаның суыздандуы пайда болады, жүйке жүйесі зардап шегеді. Сондықтан балалар ауырған кезде уақтылы медициналық көмекке жүгіну маңызды.

Инфекция көзі - ауру адам немесе қоздырғышты тасымалдаушы. Айналасындағылар үшін - жеңіл, ауру белгісі жоқ формалары бар науқастар ең қауіпті. Инфекцияға халықтың барлық жас топтары бейім, бірақ көбінесе бір жастан жеті жасқа дейінгі балалар жиі ауырады.

Ауру берілудің негізгі механизмі – тамақ, су және тұрмыстық байланыс жолдарымен жүзеге асырылатын фекальды-ауыз жолы.

Берілу факторлары - тамақ, су, тұрмыстық заттар, ойыншықтар, қоршаған орта объектілері. Сондай-ақ, антисанитариялық өмір сүру жағдайлары, жеке гигиена ережелерін сақтамау, сапасыз тағамдарды тұтыну өткір ішек инфекцияларына ықпал етеді.

Жедел ішек инфекцияларының алдын алу

- Қауіпсіз тағамдарды таңдаңыз. Олардың жарамдылық мерзімдерін қадағалаңыз

* Тамақты мұқият пісіріңіз. Ұсынылған термиялық өңдеу мерзімдерін сақтаңыз.

* Мүмкіндігінше тамақ пісіргеннен кейін бірден тұтыныңыз.

* Азық-түлікті мұқият сақтаңыз. Температураны сақтау режимін сақтаңыз.

* Алдын ала дайындалған тағамды мұқият қыздырыңыз.

* Шикі және дайын тағамдар арасындағы байланысқа жол бермеңіз.

* Қолыңызды жиі жуыңыз және міндетті түрде — тамақтанар алдында.

* Ас үйі таза ұстаңыз. Шикі және пісірілген тағамдар үшін жеке кесу тақтасын және бір пышақты пайдаланбаңыз

* Тамақты жәндіктерден (шыбындар!), кеміргіштер және басқа жануарлардан қорғаныңыз.

* Тек сапалы таза суды немесе қайнатылған суды пайдаланыңыз.

Өзіңізге және жақындарыңызға қамқорлық жасаңыз!

Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

КӨКЖӨТЕЛ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығының зақымдалуымен және ауыр жөтелдің пайда болуымен сипатталатын жедел инфекция көкжөтел деп аталады.

Көкжөтел - жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығын зақымдаумен өте жұқпалы бактериялық ауру. Bordetella pertussis бактериясы денеге ауа тамшылары арқылы еніп, кеңірдектің және бронхтың ішкі қабығы аймағында көбейеді. Патогендік микроорганизмдер шығаратын токсиндер қабну реакциясын және пароксизмальды жөтелді тудырады. Ауру дамыған сайын мидың тыныс алу орталығына әсер етуі мүмкін, бұл күлгенде, сөйлесу кезінде жөтелдің күшеюіне әкеледі. Сонымен қатар, көкжөтел жүрек-тамыр жүйесіне теріс әсер етеді. Ауруға байланысты иммундық жүйенің әлсіреуі қайталама инфекцияны тудыруы мүмкін. Көкжөтел көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда диагноз қойылады, бірақ инфекция ересек пациенттерде де болуы мүмкін. Бұл ауру көбінесе пневмония, мидың зақымдануы немесе инфекциядан өмірге қауіп төндіретін басқа асқынуларды дамытатын нәрселер үшін ең үлкен қауіп төндіреді. Науқас адам патологияның алғашқы белгілері пайда болған сәттен бастап 25-30 күн бойы басқа адамдарға жұқтыруды жалғастырады. Вакцинациядан кейін көкжөтел инфекциясы әдетте өткір белгілерді тудырмайды. Көкжөтелді емдеу дәрі-дәрмектерді және қалпына келтіретін терапияны тағайындауды қамтиды.

Көкжөтел белгілері

Аурудың белгілері бірнеше күннен екі аптаға дейін созылуы мүмкін. Аурудың бірінші кезеңі құрғақ жөтелмен, дене температурасының аздап жоғарылауымен және мұрыннан су ағуымен сипатталады.

Басқа да белгілері:

- Дем алу кезіндегі ысқырықты дыбыс;
- Кеудедегі жағымсыз сезімдер;
- Тамақтың тітіркенуі;
- Жөтел кезінде ауаның жетіспеушілігін сезіну;
- Түнде жөтелдің күшеюі;
- Әлсіздік пен шаршау;
- Мазасыздық;
- Табеттің нашарлауы;

Көкжөтелді алдын алуға бағытталған медициналық ұсыныстар инфекция ең ауыр асқынуларды тудыруы мүмкін балалық шақта өте маңызды.

Алдын алудың негізгі әдістері:

- Көкжөтелге қарсы 3 айлығында жоспарлы екпе алу. Балаға 6 апталық аралықпен үш екпе алу қажет;
- Тыныс алу жолдарының инфекциясының белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге уақытылы қаралу;
- Науқас адамдармен қарым-қатынасты болдырмау.

Көкжөтелдің пайда болу себептері

Ауа арқылы жұғу бактериялардың жөтел және сөйлесу кезінде бөлінетін сілекей арқылы таралуын қамтиды. Осыған байланысты ауру науқаспен байланыста болған барлық адамдарда пайда болуы мүмкін. Көкжөтел әсіресе бала бақшаларда тез таралады. Көкжөтелге қарсы туа біткен иммунитет жоқ, сондықтан барлық адамдар ауруға бейім, алайда вакцинациядан немесе көкжөтел ауруымен ауырған болса тұрақты қорғаныс қалыптасады. Елге жастағы адамдарда көкжөтелдің қайталануы сирек анықталады.

Қауіп факторлары:

- Науқастың жасы 7 жасқа дейін;
- Вакцинацияның болмауы;
- Науқаспен бірге тұру немесе оқу орындарына бару кезінде инфекция тасымалдаушыларымен үнемі байланыста болу;

• Туа біткен немесе жүре пайда болған иммунитеттің бұзылуы.

Вакцинация бактериядан өмір бойы қорғауды қамтамасыз етпейді, сондықтан вакцинация кестесіне сәйкес екпе алу қажет. Сауықтырудан кейін науқас ұзақ мерзімді тасымалдаушысы болып қалуы мүмкін, сондықтан инфекция бір көзден ұзақ уақыт бойы таралуы мүмкін.

Көкжөтелді алдын алу

Көкжөтелдің алдын алуға бағытталған медициналық ұсыныстар инфекция ең ауыр асқынуларды тудыруы мүмкін балалық шақта өте маңызды.

Алдын алудың негізгі әдістері:

- Көкжөтелге қарсы 3 айлығында жоспарлы екпе алу. Балаға 6 апталық аралықпен үш екпе алу қажет;
- Тыныс алу жолдарының инфекциясының белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге уақытылы қаралу;
- Науқас адамдармен қарым-қатынасты болдырмау.

Г. ТУСМАГАНБЕТОВА,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ӨНІМДЕРДІҢ ТАҢБАЛАНУЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛУ КЕРЕК?

Күнделікті өмірде өзіміз тұтынатын жүрген азық-түлік, басқа да тауарлардың түріне, жалпы сипатына көпшілігіміздің мән бермейтініміз анық. Бұл дұрыс емес. Сондықтан, өзіңіз күнде дүкеннің сөресінен қолға алған затыңыздың сыртқы қорабындағы қажетті ақпараттың барлығын саралап барып алғаныңыз жөн.

Тамақ өнімдерін таңбалауға қойылатын негізгі талаптар: тамақ өнімдерінің ағауы; тамақ өнімдеріне қатысты құрамы, тамақ өнімдерінің мөлшері, тамақ өнімдерінің жасалған күні, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі туралы мәліметтер; дайындаушының сауда белгісі; тамақ өнімнің дайындаушының атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ Кеден Одағы Техникалық регламентінде белгіленген жағдайларда дайындаушының уәкілетті тұлғасының атауы мен орналасқан жері, импорттаушы-ұйымның атауы мен орналасқан жері; тауардың негізгі тұтынушылық қасиеттері туралы, тағамның биологиялық және энергетикалық құндылығы

туралы мәліметтер және белгілі бір аурулар кезіндегі қарсы көрсеткіштер туралы мәліметтер; тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығының көрсеткіштері; тауар массасының шамасы, көлемі, саны; тамақ өнімдерінде генетикалық түрлендірілген ағзаларды қолданып алынған құрауыштардың бар-жоқтығы туралы деректер (өнімнің құрамында генетикалық түрлендірілген ағзалар болған жағдайда ГТА деп көрсетіледі); Кеден одағына мүше мемлекеттердің нарығында өнімдердің айналуының (ЕАЭС бірінші белгісі болуы тиіс. Тамақ өнімдерін таңбалау орыс тілінде және Кеден одағына мүше мемлекеттердің заңнамаларында тиісті талаптар болған жағдайда Кеден одағына мүше мемлекеттердің мемлекеттік тілдерінде жазылуға тиіс. Буып-түйілген тамақ өнімдерінің таңбалауында қосымша деректер, оның ішінде соған сәйкес тамақ өнімі жасалған және сәйкестендірілетін құжат туралы деректер, тауарлық белгіге айрықша құқығы бар несі туралы деректер, тамақ өнімінің шығарылған жерінің

атауы, лицензиядың атауы мен орналасқан жері жазылуы мүмкін.

Өзіміздің денсаулығымызға пайдасы бар, құнарлы тағамдарды таңдай білу үшін, жоғарыдағы айтылған тамақ өнімдерін таңбалауына қойылатын негізгі талаптарға аса мән беріміз қажет. Егерде сыртында таңбалау толық жазылмаған жағдайда, сатушыдан ақпарат алуға болады және сатушы сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті. Бұндай ақпарат сіздің денсаулық жағдайыңызға тікелей байланысты болады. Осы ақпараттың бәрінмен таныса отырып, сіз бірінші көзге түскен тауарды емес, сапалы әрі қауіпсіз тауар алып жақпандығыңызға сенімді боласыз. Сатушы тұтынушы сапалы және денсаулыққа зияны жоқ тағамдарды таңдайды.

Сапалы азық – денсаулық кепілі екенін ұмытпайық!

Ж. БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық СЭББ жетекші маманы

ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕЗАРАТИЗАЦИЯ, ДЕЗИНСЕКЦИЯ

Дезинфекция (залалсыздандыру) дегеніміз – сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кен таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі.

Қолдану мақсатына қарай дезинфекция (залалсыздандыру) екі түрге бөлінеді: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды).

Сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру шаралары емдеу-сауықтыру мекемелерінде аурухана ішілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.

Ошақтық залалсыздандырудың ағымдық түрінде инфекциялық және паразиттік ауру ошағындағы ағымдағы дезинфекциялауды науқасты күтетін адам немесе бактерия тасымалдаушы науқасты анықтаған сәттен бастап ауруханаға жатқызылғанға дейін, үйде емдеу



кезінде – сауыққанға дейін, бактерия тасымалдаушыларда – толық санацияға дейін жүргізіледі.

Жұқпалы және паразитарлық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция науқас ауруханаға емдеуге жатқызылып, оқшауланғаннан кейін, науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ науқас қайтыс болған кезден бастап бір тәулік

ішінде жүзеге асырылады. Дезартизация – индет ауруларын тарататын кеміргіштерді (егеуқұйрық, тышқан, саршұнақ және т.б.) жоюға немесе санын азайтуға бағытталған іс-шараларының кешені. Дезартизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін

жүргізіледі. Сақтандыру үшін тұрғын үйлер мен ғимараттардың астындағы жертелелерді, қоймаларды, мал мен құс қораларын таза ұстап, азықты тышқан кіре алмайтын қоймаларда сақтайды.

Дезинсекция – ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын маддерігерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты – ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсінуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекция шарасы өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантроптық буынақтылар мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда, оларға іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі. Дезинфекция, дезартизация, дезинсекция жұмыстарын қалалар мен жергілікті жерлерде осы шараны жүргізуге арнайы рұқсаты бар мекемелер мен жеке кәсіпкерлер жүргізеді.

Осы шараларды жүргізу кезінде төмендегі жалпы қауіпсіздік шаралары

сақталуы тиіс:

1. Жұмыс жүргізу үшін жасы 18-ден кем емес арнайы медициналық талаптарға сай, арнайы тексеруден өткен адам ғана осы жұмысқа босатылады.

2. Мамандығы бойынша рұқсат қағазын алған тұлға ғана жұмыс істеуге құқылы болып табылады. Жұмысқа кіріспес бұрын қызметкер арнайы оқу-тәжірибеден өткен және де еңбек ережелерімен танысқан болуы керек.

Дезинфекция, дезартизация, дезинсекциялық жұмыстарын жүргізетін адамдар жұмыс істеу барысында арнайы киіммен: халат, аяқ киім, респираторлар, резиналық қолғаптар, көзілдіріктер кию қажет және жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс.

Дезинфекциялық, дезартизациялық, дезинсекциялық шараларға қолданылатын улы препараттар желдетілетін, стеллаждармен, сөрелермен, шкафтармен жабықталған арнайы үй-жайларда, қоймаларда сақталуы керек.

Қ.Омарова,
Сырдария аудандық СЭББ басшысы

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев РЫСБАЙ КӨРІМОВ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында есепке алу туралы номері КЗ 53/ҰҮ00123138 күйіне берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:

Тоқмағанбетов

көшесі 36 а,

1 қабат 4 кабинет

Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынұнов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды

Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №122
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы: <https://ret-gazeta.kz/>